



KAZ MINERALS LIMITED
7TH FLOOR
83 VICTORIA STREET
LONDON SW1H 0HW
Тел: +44 (0) 20 7901 7800

2023 жылғы 24 шілде

KAZ MINERALS «БАИМСКАЯ ТӨК» ЖШҚ-НЫҢ ШЫҒУЫ ТУРАЛЫ ЖАРИЯЛАЙДЫ

2023 жылғы шілде айында «БАИМСКАЯ ТӨК» ЖШҚ қазақстандық Trianon Limited компаниясының пайдасына шығарылды. Аталған компания KAZ Minerals акцияларының тікелей меншік иелеріне тиесілі. Осы мәміле аяқталғаннан кейін KAZ Minerals Ресейдегі қызметін жүзеге асырмайды.

Қосымша ақпарат төмендегі деректер бойынша байланысуды өтінеміз:

KAZ Minerals

Мари Эдвардс	Корпоративтік хатшы, Лондон	Тел.: +44 20 7901 7832
Максут Жапабаев	Корпоративтік байланыстар департаменті, Алматы	Тел.: +7 727 244 03 53

ЗАҢДЫ МЕКЕНЖАЙЫ:

7th Floor, 83 Victoria Street, London SW1H 0HW, United Kingdom (7-қабат, Виктория көш., 83, Лондон SW1H 0HW, Ұлыбритания).

РЕДАКТОРЛАРҒА АРНАЛҒАН АҚПАРАТ

KAZ Minerals Limited (бұдан әрі – KAZ Minerals немесе Топ) – Қазақстанда заманауи, ірі ауқымды, азшығынды карьерлік типтегі тау-кен өндірісін дамытуға бағытталған, өсу әлеуеті зор мыс өндіруші компания. Топ операциялық іс-қызметін Абай облысында орналасқан Ақтоғай және Павлодар облысындағы Бозшакөл ашық кеніштерде, сонымен қатар, Шығыс Қазақстан, Абай облыстарындағы үш кеніш пен кен байыту фабрикаларында және Қырғызстандағы Бозымшақ мыс-алтын кенішінде жүргізеді. 2022 жылы мыстың жалпы өндіріс көлемі 380 мың тоннаны құрады, ілеспе өнім ретінде 47 мың тонна концентраттағы мырыш, 171 мың унция алтын мен 3,8 млн унция күміс өндірілді.

Топтың негізгі өндірістік кәсіпорындары – Ақтоғай мен Бозшакөл – саладағы алдыңғы қатарлы даму көрсеткіштерін қамтамасыз етіп, KAZ Minerals-ты қорының басым бөлігі әлемдік деңгейдегі ашық түрдегі кеніштерден тұратын компанияға айналдырды. Сульфидті кенді қайта өңдеу қуатын екі есе арттыратын Ақтоғайды кеңейту жобасы 2021 жылдың қазан айында іске қосылып, желтоқсан айында тұтынушыларға алғашқы өнім жеткізілді.

KAZ Minerals-та Қазақстан мен Қырғызстанда шамамен 14 000 адам жұмыс істейді.